

## **Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық қызметінің 2023 жылға арналған негізгі бағыттары туралы**

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 17 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 7-бабына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 99 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру тәртібінің 5-тармағына сәйкес Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық қызметінің 2023 жылға арналған ереже бекітілсін.

### **Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мүшелері:**

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан

Жоғары Еуразиялық  
экономикалық кеңестің  
2022 жылғы 9 желтоқсандағы  
№ 17 шешімімен  
БЕКІТІЛДІ

## **Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық қызметінің 2023 жылға арналған НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Осы Негізгі бағыттарда Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) халықаралық қызметінің 2023 жылға арналған түйінді векторлары мен басымдықтары айқындалған.

Одақтың халықаралық қызметі 2023 жылы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Одақ туралы шарт) 4-бабында көрсетілген Одақтың мақсаттарына қол жеткізуге, Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарын іске асыруға, Одақтың және Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі-мүше мемлекеттер) экономикалық мүдделерін әлемдік нарықта ілгерілетуге, Одақты халықаралық аренада сенімді, болжанатын әріптес ретінде позициялау бағыттталатын болады және Одақ туралы шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалған өкілеттіктер шегінде және салаларда жүзеге асырылуы тиіс.

Одақ халықаралық қызметті жүзеге асырған кезде

2023 жылы әлемдегі өзгермелі геэкономикалық ахуалды ескере отырып, мынадай бағыттар басымдыққа ие болады:

Одаққа мүше болып табылмайтын ТМД-ға қатысушы мемлекеттермен, сондай-ақ жақын шет елдердің басқа елдерімен, оның ішінде Одақ жанындағы байқаушы мемлекет институтының әлеуетін пайдалана отырып, Одақпен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға мүдделі мемлекеттермен өзара іс-қимылды жандандыру;

Үлкен еуразиялық әріптестік (бұдан әрі – ҮЕӘ) идеясы контекстінде экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымымен (ШЫҰ), Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері қауымдастығымен (АСЕАН), Еуропалық Одақпен (ЕО), БРИКС елдерімен және Орталық Азия мен Таяу Шығыстағы басқа да мүдделі мемлекеттер мен бірлестіктермен жүйелі диалогты дамыту;

халықаралық ұйымдармен, өңірлік интеграциялық бірлестіктермен және жаңа кооперациялық және логистикалық тізбектерді қалыптастыру, тауар ағындарының транзитін жеделдету, халықаралық есеп айырысу жүйесін дамыту және мүше мемлекеттердің ішкі экономикалық орнықтылығына ықпал ететін, оның ішінде ынтымақтастық (өзара іс-қимыл) туралы меморандумдар, преференциялық және преференциялық сауда келісімдерін жасасу, сондай-ақ осындай меморандумдар мен сауда келісімдері жасалған шетелдік әріптестермен сауда-экономикалық өзара іс-қимылды жандандыру жолымен басқа да міндеттерді шешу тұрғысынан перспективалы үшінші елдермен ынтымақтастықты дамыту;

мүше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін іске асыруға, оның ішінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жаңа нарықтарына шығу және өзара есеп айырысуда ұлттық валюталарды пайдалануды кеңейту есебінен жәрдемдесу;

мүше мемлекеттерге АСЕАН-ға мүше мемлекеттер мен Азия елдерінің негізгі қаржы-кредит орталықтарымен өзара іс-қимылды нығайтуға жәрдемдесу;

өзгермелі жаһандық экономика жағдайында мүше мемлекеттердің бизнес-қауымдастықтары үшін ашылатын жаңа мүмкіндіктерді сәйкестендіру, көлік-логистикалық тізбектердің бұзылуына және жаһандық экономиканың трансформациясы жағдайында халықаралық саудада және капитал нарықтарында қаржылық есеп айырысулардың жұмыс істеуін шектелуіне байланысты олардың қызметіне кедергілерді еңсеруге жәрдемдесу;

Одақты әлемдегі түйінді өңірлік экономикалық интеграциялық бірлестіктердің бірі ретінде позициялау бойынша жүйелі жұмыс жүргізу.

## **I. Ынтымақтастықтың қолданыстағы тетіктерін дамыту мақсатында халықаралық ұйымдармен, өңірлік интеграциялық және мемлекетаралық бірлестіктермен, үшінші елдермен өзара іс-қимыл жасау**

2023 жылы Одақтың халықаралық қызмет саласындағы негізгі күш-жігері қазірдің өзінде құрылған ынтымақтастық тетіктерін, оның ішінде жасалған меморандумдар,

декларациялар және сауда келісімдері шеңберінде (көрсетілген құжаттардың жаңартылған тізбесі Одақтың ресми сайтында орналастырылады) дамытуға, сондай-ақ аталған құжаттарды іске асыру жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға шоғырландырылатын болады:

*халықаралық ұйымдармен:*

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) жүйесінің ұйымдарымен және мекемелерімен, оның ішінде өңірлік комиссиялар - БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясымен (БҰҰ ЕЭК), БҰҰ-ның Азия және Тынық мұхиты үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясымен ( ЭСКАТО), БҰҰ-ның Латын Америкасы мен Кариб бассейні үшін экономикалық комиссиясымен (ЭКЛАК), БҰҰ-ның Сауда және даму жөніндегі конференциясымен (ЮНКТАД) және басқа ұйымдармен, атап айтқанда:

халықаралық саудадағы сауда кедергілерін, сауда кедергілерін жою, шекарада бақылау және жүріп-тұру саласындағы халықаралық тәжірибені, тарифтік емес шараларды, дөңгелекті көлік құралдарына қойылатын талаптарды белгілеуді қоса алғанда, нормативтік реттеуді талдау кезінде, сондай-ақ нарықты қадағалау, құжат айналымы, цифрландыру және экономикалық салада БҰҰ ЕЭК-тің құралдар мен әдіснамалық базасын зерделеу мақсатында БҰҰ ЕЭК-мен;

озық халықаралық практикаларды зерделеу, сондай-ақ бірлескен халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы Одақтың статистика (ЭСКАТО-ның Статистика жөніндегі комитеті), қағазсыз трансшекаралық сауда (ЭСКАТО-ның Сауда және инвестициялар жөніндегі комитеті), энергетика және энергия үнемдеу (ЭСКАТО-ның Энергетика жөніндегі комитеті), көлік және көлік инфрақұрылымы (ЭСКАТО-ның Көлік жөніндегі комитеті) саласындағы тәжірибесін ілгерілету мақсатында ЭСКАТО-мен;

кәсіпкерлік саласында байланыс орнату және өзара іс-қимылды, оның ішінде бөгде ұйымдардың алаңдарында өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша, талдамалық және анықтамалық материалдармен алмасу және іс-шараларға өзара қатысу арқылы кеңейту мақсатында ЭКЛАК-пен;

15-ші министрлік конференцияның қорытындысы бойынша жаңартылған ЮНКТАД мандаты шеңберінде өңірлік интеграциялық бірлестіктер арасындағы диалогты ілгерілету мәселелері бойынша; Одақ шеңберіндегі сауда кедергілерін анықтау және жою үшін, оның ішінде халықаралық саудаға кедергілердің әсерін бағалау кезінде деректерді жинау мен сыныптауды жетілдіру үшін халықаралық саудадағы ішкі нарықтардың жұмыс істеуі, сондай-ақ өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша тұрақты негізде тақырыптық кездесулер мен дөңгелек үстелдерді бірлесіп жүргізу бөлігінде сауда кедергілерін жүйелеу және сыныптау жөнінде ЮНКТАД-тың тарифтік емес шараларды сыныптау жөніндегі талдамалық құралдарды, талдамалық және әдіснамалық базасын пайдалану; жаһандық, өңірлік және ұлттық деңгейде

кәсіпкерлікті дамыту саласындағы тәжірибені зерделеу; Бәсекелестік саясат және құқық жөніндегі сарапшылардың үкіметаралық тобының сессияларына, сондай-ақ ЮНКТАД трансшекаралық картельдерге қарсы күрес жөніндегі жұмыс тобының отырыстарына қатысу арқылы бәсекелестік саласындағы мәселелер бойынша; Заңнама және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы саясат жөніндегі сарапшылардың үкіметаралық тобының сессияларына және ЮНКТАД-тың электрондық саудадағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі және тұтынушылық өнімдердің қауіпсіздігі жөніндегі жұмыс топтарының отырыстарына қатысу арқылы бәсекелестік саласындағы мәселелер бойынша ЮНКТАД-пен;

мүше мемлекеттермен бірге ғылымды қажетсінетін, жоғары технологиялық, инновациялық өндірістер құру, "жасыл" өнеркәсіпті дамыту, энергия тиімділігін арттыру, "таза технологияларды", өзге де бағыттарды енгізу және оларды одан әрі басқа мүше мемлекеттерге көпжақты ынтымақтастық форматында тарату саласында екіжақты негізде іске асырылатын ЮНИДО дамыту жобалары мен бағдарламаларын іске асыру тәжірибесін есепке алу, сондай-ақ өнеркәсіптік кешендерді дамыту және жаңғырту мәселелері бойынша ынтымақтастықты тереңдету, бірлескен индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды, озық технологиялар трансферін қалыптастыру, өнеркәсіп саласында бірлескен өндірістік кәсіпорындар мен цифрлық кеңістік құру мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымымен (ЮНИДО);

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) мен ФАО-ның өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын, аумақтардың фитосанитариялық және ветеринариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимылын ұйымдастыру, сондай-ақ ФАО-ның селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс саласындағы заңнамалық базаны жетілдіруге мүмкіндік беретін және ақпараттық базаны кеңейтуге, мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамыту жөніндегі шараларды әзірлеуге ықпал ететін агроөнеркәсіптік саласындағы тәжірибесін зерделеу мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымымен (ФАО);

зияткерлік меншік саласындағы ең үздік халықаралық практикаларды зерделеу және зияткерлік меншік саласындағы проблемалық мәселелер бойынша бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру, талдамалық және анықтамалық материалдармен алмасу, сондай-ақ Комиссия мен ДЗМҰ үшін қызығушылық тудыратын іс-шараларға өзара қатысу арқылы Одақ шеңберінде зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау және оларға құқықтарды қорғау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау мақсатында Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымымен (ДЗМҰ);

талдамалық және анықтамалық материалдармен алмасу арқылы Одақ шеңберінде жұмыс күшінің еркін қозғалысы жолындағы кедергілерді жою жөнінде ұсыныстар

әзірлеу, еңбек көші-қоны мәселелері бойынша бірлескен іс-шаралар, оның ішінде нақты проблемалық мәселелер және оларды шешу бойынша сараптамалық консультациялар өткізу, халықаралық конференциялар мен семинарларға, сондай-ақ өзара қызығушылық тудыратын өзге де іс-шараларға қатысу үшін ең үздік халықаралық практикаларды зерделеу мақсатында Халықаралық көші-қон ұйымымен (ХКҰ);

электротехникалық өнімге қойылатын талаптарды белгілеу саласында тәжірибе алмасу, сондай-ақ электротехникалық өнімді техникалық реттеудің проблемалық мәселелері бойынша консультациялар өткізу мақсатында Халықаралық электротехникалық комиссиямен (ХЭК);

тараптардың жұмыс топтары мен консультативтік органдарының отырыстарына мамандардың қатысуы, тәжірибе алмасу және Одақ органдарының актілерін дайындау шеңберінде ДДҰ ұсынымдарын пайдалану негізінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымын реттеу, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету, инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулардың таралуының алдын алу, қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, халықаралық медициналық-санитариялық қағидаларды орындау, адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті өнімдердің айналымына жол бермеу және микробқа қарсы препараттарға төзімділіктің пайда болуы мен таралуының алдын алу саласындағы Одақ үшін өзекті мәселелер бойынша ғылыми-әдістемелік және сараптамалық әлеуетті дамыту мақсатында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен (ДДҰ);

хризотил асбестінің халықаралық саудасы бөлігінде мүше мемлекеттердің хризотил саласының өнімдерін өндірушілердің мүдделерін білдіру мәселелері бойынша Роттердам конвенциясы хатшылығымен (Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП));

Одақ құзыреті шегінде осы ұйым өткізетін іс-шараларға және Одақтың кедендік реттеу саласындағы озық практикаларды зерделеу және тәжірибесін ілгерілету, сондай-ақ мүше мемлекеттермен Одақтың ДКҰ-ның негізгі қалаушы құқықтық инструменттерін мен құралдарына қосылуы және Одақтың ДКҰ-ға мүше мәртебесін алуына бағытталған мүше мемлекеттермен бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыруы мәселесін пысықтау мақсатында ДКҰ-ның жұмыс органдарының отырыстарына қатысу арқылы Дүниежүзілік кеден ұйымымен (ДКҰ);

Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) жұмыс органдарының қызметіне және осы ұйым, оның ішінде ДСҰ жұмыс топтары мен тұрақты комитеттері өткізетін іс-шараларға Одақтың құзыретіне жататын шаралар бойынша ДСҰ дауларын шешу рәсімдеріне қатысу арқылы ДСҰ-мен;

электрондық сауда мәселелерін қоса алғанда, халықаралық және өңірлік сауданы кеңейту үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу, сауда рәсімдерін оңайлату, тарифтік емес

реттеу, экспортты дамытуды қолдау, сауда туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Халықаралық сауда орталығы (ХСО) өткізетін іс-шараларға сауда кедергілерін жою жөніндегі халықаралық тәжірибені зерделеу үшін қатысу арқылы осы ұйыммен;

тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге, сондай-ақ азық-түлік тауарларының адал саудасы үшін кедергілерді жоюға ықпал ететін халықаралық стандарттарды, әдістемелік нұсқауларды, нормалар мен қағидаларды әзірлеу жөніндегі іс-шараларға қатысу мақсатында (мүше мемлекеттермен келісілген ұстанымдарды ұсынуды ескере отырып) ФАО/ДДҰ тамақ стандарттары бойынша "Алиментариус кодексі" комиссиясымен;

мүше мемлекеттердің аумақтарын жануарлардың аса қауіпті ауруларының қоздырғыштарын әкелуден және таратудан қорғау деңгейін арттыру және Жануарлар денсаулығын қорғау жөніндегі дүниежүзілік ұйым (МЭБ) халықаралық стандарттарын Одақ органдарының ветеринариялық-санитариялық шаралар саласындағы актілеріне имплементациялау арқылы жануарлардан алынатын өнімдердің қауіпсіздігі жөніндегі ветеринариялық-санитариялық талаптарды оңтайландыру мақсатында халықаралық стандарттарын қолдану мәселелері бойынша МЭБ-пен;

бірлескен іс-шараларға қатысу, ақпарат және тәжірибе алмасу, сондай-ақ Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның (ӨКҚХК) фитосанитариялық шаралары саласындағы халықаралық стандарттарды есепке алу арқылы Одақ органдарының актілерін дайындау шеңберінде карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Одақ үшін өзекті мәселелер бойынша ғылыми-әдістемелік және сараптамалық әлеуетті дамыту мақсатында ӨКҚХК-нің хатшылығымен және оның өңірлік ұйымдарымен;

Құжаттарды бірлесіп әзірлеу, бәсекелестікті реттеудің үздік практикаларымен алмасу, халықаралық бәсекелестік қоғамдастықпен диалог құру және жұмыс топтарының қызметіне және басқа да іс-шараларға қатысу арқылы бәсекелестік саясат қағидастарын жақындастыру мақсатында Халықаралық бәсекелестік желімен (ХБЖ);

Қант және құрамында қант бар өнімдер нарығын дамыту, тәжірибе және озық практикалар мен технологиялар алмасу, қант нарығындағы жаңа тенденциялар туралы ақпарат алмасу, ақпараттық базаны кеңейту, мүше мемлекеттердің, Комиссияның және Халықаралық қант ұйымына (ХҚҰ) мүше елдердің өкілдері арасында ұзақ мерзімді диалог құру саласындағы Комиссия мен ХҚҰ-ның өзара іс-қимылын ұйымдастыру мақсатында ХҚҰ-мен;

халықаралық астық саудасы саласында Комиссия мен Халықаралық астық кеңесінің (ХАК) өзара іс-қимылын ұйымдастыру (атап айтқанда, астық нарығын дамыту мен болжауға, астық нарығын реттеудің озық тәжірибесін зерделеу мониторингіне қатысты мәселелер бойынша), астық, бұршақ, майлы дақылдар және күріш бойынша сұраныс пен ұсынысты болжау саласында тәжірибе және деректер, сондай-ақ мүше мемлекеттер

мен ХАК-ке қатысушы елдердің әлемдік астық нарығына ықпал ететін аграрлық саясатындағы өзгерістер туралы ақпарат алмасу мақсатында ХАК-пен;

Комиссияның және Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының (АҚИҰ) азық-түлік қауіпсіздігі және ауыл шаруашылығын орнықты дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимылын ұйымдастыру, өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ мүше мемлекеттер мен АҚИҰ-ға мүше мемлекеттердегі азық-түлік қауіпсіздігі ахуалына бағалау мен мониторинг жүргізу мақсатында АҚИҰ-мен;

халықаралық конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге, аталған халықаралық ұйымдардың құзыретіне жататын тақырып бойынша семинарларға қатысу арқылы көлік және логистика саласына цифрлық технологияларды енгізуді, электрондық құжаттарды қолдануға көшуді қоса алғанда, үйлестірілген (келісілген) көлік саясатының басымдықтары мен міндеттерін іске асыру кезінде әлемдік интеграциялық тәжірибені зерделеу және үздік халықаралық практикаларды имплементациялау мақсатында Халықаралық автомобиль көлігі одағымен (ХАКО), теміржолдар ынтымақтастығы ұйымы (ТЖЫҰ), Халықаралық теміржол одағы (ХТЖҰ), Трансеуразиялық тасымалдау жөніндегі халықаралық үйлестіру кеңесімен (ТТКҮК), Мемлекетаралық авиациялық комитетпен (МАК), Халықаралық әуе көлігі қауымдастығымен (ИАТА);

әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру, еңбек ресурстарының бірыңғай нарығы саласындағы үздік халықаралық практикаларды қолдану, сондай-ақ бірлескен іс-шараларға қатысу, аталған салаларда ақпарат және тәжірибе алмасу жолымен еуразиялық интеграция тәжірибесін танымал ету мақсатында Халықаралық зейнетақы және әлеуметтік қорлар қауымдастығымен (ХЗӘҚҚ);

ақпарат алмасу, бірлескен іс-шараларға қатысу, сондай-ақ зияткерлік меншік мәселелері бойынша бірлескен семинарлар өткізу арқылы зияткерлік меншік саласындағы проблемалық мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында Еуразиялық патенттік ұйыммен (ЕАПҰ);

жанама салық салу, өзара саудаға қатысушы салық төлеушілер мен салық органдары арасында электрондық құжат айналымын жолға қою бөлігінде мүше мемлекеттердің қаржы және салық органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін "Еуразиялық фискалдық академия" білім беру бағдарламасын іске асыру шеңберінде Вена экономика және бизнес университетімен;

басқа мүдделі халықаралық ұйымдармен;

*өңірлік интеграциялық және мемлекетаралық бірлестіктермен:*

2018 жылғы 27 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитеті арасындағы өзара іс-қимылды тереңдету туралы меморандумды іске асыру шеңберінде мүше мемлекеттер мен Одаққа мүше болып табылмайтын ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы жан-жақты

сауда-экономикалық ынтымақтастықты іс-шараларға, оның ішінде мүше мемлекеттердің және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің бизнес-қоғамдастықтары өкілдерін тарта отырып қатысу, Одақ органдары актілерінің жобалары мен ТМД шеңберінде әзірленетін нормативтік құқықтық актілер арасындағы қайшылықтарды жою және Одақ пен ТМД шеңберінде құқықтық реттеуді жетілдіру, сондай-ақ тәжірибе алмасу, оның ішінде нысаналы бағдарламалар мен жоғары технологиялық жобаларды әзірлеу және іске асыру, туындайтын проблемаларды шешуге жалпы тәсілдерді әзірлеу, саудадағы кедергілерді жою мәселелері бойынша консультациялар өткізу арқылы дамыту мақсатында ТМД Атқарушы Комитетімен, сондай-ақ ТМД шеңберінде басқа да құрылымдармен, атап айтқанда:

іс-шараларға өзара қатысу, тәжірибе алмасу, оның ішінде ресми статистикалық әдіснаманы үйлестіру, ресми статистикалық ақпараттың салыстырмалылығын арттыру, ресми статистикалық ақпаратты жинау және тарату үшін цифрлық технологияларды қолдануды кеңейту мәселелері бойынша статистика саласындағы халықаралық стандарттарды ескере отырып, жұмыс істеудің қазіргі заманғы қағидаттары негізінде Одақтың статистикалық жүйесін дамыту мақсатында ТМД Мемлекетаралық статистикалық комитетімен;

мүше мемлекеттердегі еңбек көші-қон мониторингіне қатысты мәселелер бойынша КОБК жұмыс органдарының өткізілетін бірлескен іс-шаралары мен отырыстарына қатысу арқылы тәжірибе алмасу мақсатында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің көші-қон органдары басшыларының кеңесімен (КОБК);

Одақ туралы шартқа сәйкес өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша ақпарат алмасу, сондай-ақ бірлескен тақырыптық кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізу жолымен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің салық қызметтері басшыларының үйлестіру кеңесімен (СҚБҮК) және Салықтар және инвестициялар жөніндегі халықаралық орталықпен (СИХО);

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық заңнаманы жетілдіру саласында тәжірибе және ақпарат алмасу мақсатында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қаржылық барлау бөлімшелері басшыларының кеңесі (ҚБББК) жұмыс органдарының бірлескен іс-шаралары мен отырыстарына қатысу арқылы ҚБББК-мен;

бірлескен іс-шаралар, конференциялар, форумдар өткізу және отырыстарға қатысу арқылы Одақ туралы шартқа және Одақ органдарының оны дамыту үшін қабылданған халықаралық шарттары мен актілеріне сәйкес мүше мемлекеттердің сақтандыру заңнамасын үйлестіру мақсатында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің сақтандыруды қадағалау органдары басшыларының мемлекетаралық үйлестіру кеңесімен;

Бірлескен іс-шаралар, конференциялар, форумдар өткізу және отырыстарға қатысу арқылы Одақ туралы шартқа және Одақ органдарының оны дамыту үшін қабылданған халықаралық шарттары мен актілеріне сәйкес бағалы қағаздар нарығы саласындағы



заңнаманы үйлестіру мақсатында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің бағалы қағаздар нарықтарын реттеу жөніндегі уәкілетті органдарының басшылары кеңесімен;

бірлескен іс-шараларға қатысу, мүше мемлекеттер мен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңнамасын, Одақ пен ТМД-ның аудиторлық қызмет және есептілік жасау мен бухгалтерлік есеп бойынша қызметтер көрсету саласындағы құқығын жетілдіру саласында ақпарат алмасу жолымен ТМД Атқарушы комитеті жанындағы бухгалтерлік есеп жөніндегі үйлестіру кеңесімен;

Бірлескен іс-шараларға және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өсімдіктер карантині жөніндегі үйлестіру кеңесінің (ӨСҮК) жұмыс органдарының отырыстарына қатысу арқылы ӨСҮК-мен;

мемлекеттік билік органдары, бизнес-қауымдастықтар, сондай-ақ мүше мемлекеттер мен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің сараптамалық қауымдастықтары өкілдерінің қатысуымен 2021 жылғы 17 қыркүйектегі Еуразиялық экономикалық комиссия мен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Хатшылығы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды іске асыру жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын келісуді, экономика саласындағы жобаларды іске асыруды, ШЫҰ жұмысының тақырыбына байланысты мүше мемлекеттердің іс-шаралар алаңдарының әлеуетін пайдалануды қоса алғанда, неғұрлым тығыз практикалық ынтымақтастықты белгілеу мақсатында ШЫҰ-мен;

сақталуы үшін сауда рәсімдерін оңайлату, техникалық реттеу, ішкі нарықтардың кедергісіз жұмыс істеуі, цифрлық экономиканы дамыту, санитариялық және фитосанитариялық шаралар, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, бәсекелестік және Одақ құзыреті шеңберіндегі өзара іс-қимылдың басқа да аспектілері мәселелері бойынша ақпарат және тәжірибе алмасу арқылы елдер арасындағы ынтымақтастықты дамыту қажет, АСЕАН-ға мүше мемлекеттермен сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыруды көздейтін және энергетика, ақпараттық технологиялар, цифрлық трансформация, машина жасау, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, тамақ өнімдерін өндіру, ESG-қағидаттары негізінде климаттық жобаларды іске асыру салаларындағы өзара іс-қимылды тереңдету үшін іргетас құратын 2018 жылғы 14 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия мен Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері қауымдастығы арасындағы экономикалық ынтымақтастық саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумды және 2020 жылғы 28 тамызда қол қойылған Еуразиялық экономикалық комиссия мен Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері қауымдастығы арасындағы 2021-2025 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасын орындау үшін Комиссия мен АСЕАН ынтымақтастығының перспективада салалық немесе диалогтық экономикалық әріптестік деңгейіне шығарылуын ескере отырып, сондай-ақ іскерлік форумдарға және

басқа да бірлескен іс-шараларға қатысу арқылы мүше мемлекеттер мен АСЕАН-ға мүше мемлекеттердің бизнес-қауымдастықтары арасындағы байланыстарды дамытуға жәрдемдесу мақсатында АСЕАН-мен;

мемлекеттік органдар мен мүше мемлекеттердің, Африка одағына мүше мемлекеттердің бизнес-қоғамдастықтары өкілдерінің және Комиссия өкілдерінің, оның ішінде мүше мемлекеттер ұйымдастыратын Конгресс іс-шаралары шеңберінде бірлескен іс-шараларға қатысу арқылы инфрақұрылым және ауыл шаруашылығы, сауда, кәсіпкерлікті дамыту, өңірлік экономикалық интеграция салаларындағы жүйелі өзара іс-қимылды жандандыру мақсатында Африка одағымен;

2022 жылғы 21 шілдедегі Еуразиялық экономикалық комиссия мен Шығыс және Оңтүстік Африканың Ортақ нарығының бәсекелестік саясат және құқық қолдану саласындағы бәсекелестік жөніндегі комиссиясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде Шығыс және Оңтүстік Африканың Ортақ нарығымен (КОМЕСА);

2019 жылғы 5 шілдедегі Еуразиялық экономикалық комиссия мен Тынық мұхиты Альянсының негіздемелік келісіміне қатысушы мемлекеттер арасындағы әріптестік туралы декларацияның ережелерін орындау үшін интеграциялық тәжірибе алмасу, мүше мемлекеттер мен Тынық мұхиты Альянсының негіздемелік келісіміне қатысушы мемлекеттердің бизнес-қоғамдастықтары өкілдерінің тікелей байланыстарын дамыту мақсатында бірлескен дөңгелек үстелдер мен бизнес-форумдар ұйымдастыру, сондай-ақ экономиканың өзара мүдделі салаларында кооперациялық байланыстар орнату арқылы Тынық мұхиты Альянсымен;

2018 жылғы 17 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық комиссия мен Оңтүстік Американың ортақ нарығы (МЕРКОСУР) арасындағы сауда-экономикалық мәселелер жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға сәйкес құрылған Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комитеттің қызметі шеңберінде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру арқылы өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша диалогты дамыту мақсатында Оңтүстік Американың ортақ нарығымен (МЕРКОСУР);

ішкі нарықтағы тауарлар қозғалысын қадағалау, электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану және өзара тану, әлемдік экономика дамуының теріс үрдістерін еңсерудің үздік практикаларын талдау бөлігінде өңірлік экономикалық интеграция саласында тәжірибе алмасу арқылы ынтымақтастықты тереңдету мақсатында бірлескен семинарларды жүйелі түрде өткізу, сондай-ақ 2021 жылғы 25 тамызда қол қойылған Еуразиялық экономикалық комиссия мен Анд қоғамдастығының Бас хатшылығының бәсекелестік саясат және құқық қолдану мәселелері бойынша ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі өзара іс-қимыл жасау арқылы 2017 жылғы 23

наурыздағы Еуразиялық экономикалық комиссия мен Анд қоғамдастығының Бас хатшылығы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде Анд қоғамдастығының Бас хатшылығымен;

2021 жылғы 25 ақпандағы Еуразиялық экономикалық комиссия мен Орталық Америкадағы экономикалық интеграция жөніндегі Хатшылық арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды орындау үшін өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты дамыту және Орталық Америкадағы экономикалық интеграцияның кіші жүйесіне қатысушы елдер мен мүше мемлекеттер арасындағы сауданы кеңейту мен әртараптандыруға жәрдемдесу мақсатында бірлескен іс-шаралар өткізу, Комиссия мен Орталық Америкадағы экономикалық интеграция жөніндегі Хатшылық (СИЕКА) арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеу, тәжірибе және ақпарат алмасу арқылы СИЕКА-мен;

2022 жылғы 13 қазандағы Еуразиялық экономикалық комиссия мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес Хатшылығы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумда көрсетілген салалардағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеспен (АӨСШК);

*үшінші елдермен:*

Одақ жанындағы байқаушы мемлекеттермен, оның ішінде бірлескен іс-қимыл жоспарларын іске асыру, бизнес-қауымдастықтар арасындағы диалогты жандандыру және бірлескен жұмыс топтарының өзара іс-қимыл күн тәртібін кеңейту шеңберінде;

Аргентина Республикасымен, Бангладеш Халық Республикасымен, Венгриямен, Греция Республикасымен, Иордания Хашимит Корольдігімен, Индонезия Республикасымен, Камбоджа Корольдігімен, Корея Республикасымен, Марокко Корольдігімен, Моңғолиямен, Біріккен Араб Әмірліктерімен, Перу Республикасымен, Сингапур Республикасымен, Тайланд Корольдігімен, Фарер аралдарымен, Эквадор Республикасымен, Чили Республикасымен, сондай-ақ Комиссия мемлекеттік билік органдарымен салалық өзара іс-қимылды дамытуға, оның ішінде меморандумдарды (декларацияларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын қалыптастыру және ұзарту (қажеттігі айқындалған жағдайда), бірлескен жұмыс топтарының отырыстарын өткізу практикасын дамыту және олардың жұмысына мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдарының, Еуразиялық экономикалық одақтың Іскерлік кеңесінің өкілдері (бұдан әрі – Іскерлік кеңес) және мүше мемлекеттердің бизнес-қауымдастықтарын қатысуға тарту арқылы сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау мақсатында меморандумдар жасасқан басқа да мемлекеттермен;

сауданы қорғау шараларына қатысты өзекті мәселелер бойынша тергеп-тексеру жүргізудің әдіснамалық және рәсімдік аспектілері туралы тергеп-тексеру жүргізетін органдар арасындағы диалогты қолдау және пікір алмасу, сондай ақ 2021 жылғы 16

қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия мен Қытай Халық Республикасының Нарықты реттеу жөніндегі мемлекеттік басқармасы арасындағы бәсекелестік саясат және монополияға қарсы реттеу саласындағы ынтымақтастық саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде Қытай Халық Республикасының Нарықты реттеу жөніндегі мемлекеттік басқармасымен бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу саласындағы ынтымақтастық, көрсетілген Бірлескен Комиссияның шешімдеріне сәйкес техникалық реттеу саласындағы Қытай Халық Республикасының Нарықты реттеу жөніндегі мемлекеттік басқармасымен ынтымақтастық және Одақтың даму жоспарлары мен "Бір белдеу, бір жол" Қытай бастамасын ұштастыру мақсатында кеден қызметтері арасында ақпарат алмасу туралы хаттаманы жасау және одан әрі іске асыру жолымен 2019 жылғы 6 маусымдағы Санкт-Петербургте жасалған Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының кедендік шекаралары арқылы өткізілетін тауарлар мен халықаралық тасымалдың көлік құралдары жөнінде ақпарат алмасу туралы келісімді іске асыру шеңберінде, 2012 жылғы 6 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық комиссия мен Қытай Халық Республикасының Коммерция министрлігі арасындағы демпингке қарсы, өтемақы және арнайы қорғау шараларын қолдану саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру шеңберінде Қытай нарығында мүше мемлекеттер компанияларының қызметі үшін сауда рәсімдерін оңайлату, сондай-ақ қолайлы жағдайлар жасау, 2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімде құрылуы көзделген Бірлескен комиссия және басқа да жұмыс органдары шеңберіндегі, оның ішінде Одақ туралы шартта белгіленген экономиканың негізгі салаларында мүше мемлекеттер мен ҚХР арасындағы өзара іс-қимыл бағыттарын кеңейту арқылы өзара іс-қимыл жасау жолымен Қытай Халық Республикасымен;

тауарлармен сауданы дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ өзара экономикалық және сауда ынтымақтастығын қолдау мақсатында преференциялық сауда келісімдеріне сәйкес (Сингапур Республикасы үшін - осындай келісім күшіне енген күннен бастап) Вьетнам Социалистік Республикасымен, Сербия Республикасымен, Сингапур Республикасымен және Иран Ислам Республикасымен.

Осындай елдердің, өңірлік интеграциялық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдерімен, оның ішінде үшінші елдердің аумақтарында кездесулер мен консультацияларды қоса алғанда, осындай елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану мәселелері бойынша үшінші елдердің өкілдерімен өзара іс-қимыл жалғасатын болады.

**II. Одақ басым тәртіппен байланыстарды дамытуға ұмтылатын әлеуетті әріптестермен ынтымақтастық**

Өзара іс-қимылды дамыту үшін институционалдық негізді қалыптастыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады:

*халықаралық ұйымдармен:*

БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарын және басқа да озық жаһандық бастамаларды, оның ішінде 1992 жылғы 9 мамырдағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына және 2015 жылғы 12 желтоқсандағы Париж келісіміне сәйкес, сондай-ақ мүше мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасай отырып, БҰҰ Бас Ассамблеясы (БҰҰ БА) жанындағы Одақтың байқаушы мәртебесін алуы туралы БҰҰ қарарын қабылдауға бағытталған шараларды іске асыру арқылы климаттың өзгеруінің теріс салдарларына қарсы күрес жөніндегі бастамаларды іске асыру шеңберінде БҰҰ жүйесінің ұйымдарымен;

өзінің сараптамалық әлеуетіне қол жеткізу мақсатында, ең алдымен тауарларды халықаралық сатып алу-сату, дауларды реттеу, шағын және орта кәсіпорындардың жұмыс істеуі, Одақ құқығындағы халықаралық сауда мәселелерін реттеу параметрлерін айқындау процесінде есепке алу үшін электрондық сауда мәселелері бойынша БҰҰ-ның Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясымен (ЮНСИТРАЛ);

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) жаһандық форумдарының жұмысына және ЭЫДҰ өткізетін, оның ішінде бәсекелестік саласындағы басқа да іс-шараларға қатысу арқылы ЭЫДҰ-мен;

Қаржы саласындағы мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген нормалар мен талаптарды жақындастыру мақсатында Қаржы қызметтері жөніндегі хаттамаға (Одақ туралы шартқа № 17 қосымша) және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № 27 өкімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қаржы нарығы саласындағы заңнамасын үйлестіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес ең үздік халықаралық практикалар мен қағидаттарды ескере отырып, қаржы нарықтары саласындағы мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіруді жүзеге асыруға байланысты Халықаралық сақтандыру қадағалау қауымдастығымен (ХСҚК) және Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымымен (ИОСКО);

Барлық акционерлер үшін тең құқықтарды қамтамасыз ету және мүше мемлекеттердің бағалы қағаздар нарықтарының құрылымдарын үйлестіру, бағалы қағаздармен сауданы реттеу, биржалық істің техникасы мен технологиясын дамыту, сондай-ақ бағалы қағаздармен және туынды құралдармен сауданы халықаралық ұйымдастырушылармен өзара іс-қимыл жасау арқылы қор нарығына ықпал ету саясатын қалыптастыру, сондай-ақ бағалы қағаздармен сауда іс-шаралар, конференциялар мен форумдар өткізу мақсатында Дүниежүзілік биржалар федерациясымен (ДБФ);

валюталарды тұрақтандыру, валюта саясатын үйлестіру және қаржы нарықтарын реттеу мәселелері бойынша консультациялар өткізу мен өзара іс-қимыл жасау,

сондай-ақ әлемдік сауданың өсуіне кедергі келтіретін валюталық шектеулерді жою үшін мүше мемлекеттер арасындағы есеп айырысудың көпжақты жүйесіне қатысу арқылы валюта-қаржы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін Дүниежүзілік банкпен (ДБ) және Халықаралық валюта қорымен (ХВҚ);

Одақ органдарының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу кезінде энергия жүйелері Орталық Азияның Біріккен электр энергетикалық жүйесі шеңберінде жұмыс істейтін мемлекеттермен өзара іс-қимыл тәжірибесін есепке алу мақсатында Орталық Азияның үйлестіру электр энергетикалық кеңесімен (ОА ҮЭК);

мүше мемлекеттердің өнімділікті есепке алу, асыл тұқымды малдың экстерьерін бағалау, сүттің сапалық көрсеткіштеріне зертханалық талдау ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ мүше мемлекеттерде асыл тұқымдық іст ұйымдастыру тиімділігін арттыру үшін бақылау-ассистенттік және сарапшы-бонитерлік қызметтер құру саласындағы үздік практикаларды енгізу мақсатында оның сараптамалық әлеуетіне қол жеткізу үшін Жануарларды есепке алу жөніндегі халықаралық комитетпен (ICAR);

*өңірлік интеграциялық және мемлекетаралық бірлестіктермен:*

Одақ туралы шартта белгіленген өзара мүдделілік білдіретін салаларда, оның ішінде БРИКС күн тәртібі шеңберіндегі іс-шараларға мүше мемлекеттер мен Комиссия өкілдерінің қатысуы арқылы өзара іс-қимылды дамыту мүмкіндігін зерделеу мақсатында БРИКС-пен;

өңірлік экономикалық интеграция саласындағы өзара іс-қимылды ұлғайту және еркін сауда туралы келісімдер (өңірлік сауда келісімдері) жасасу, АТЭС–ке қатысушы елдердің мемлекеттік органдары мен бизнес-қоғамдастықтары өкілдерінің және Комиссия өкілдерінің бірлескен жобалары мен бастамаларына қатысу арқылы " Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы" форумымен (АТЭС);

Одақ туралы шартта белгіленген өзара мүдделілік білдіретін салаларда ынтымақтастықты жолға қою және дамыту мақсатында Жан-жақты өңірлік экономикалық әріптестікпен (ЖӨӘӘ), Латын Америкасы интеграция қауымдастығымен (ЛАИ), Кариб қоғамдастығымен (КАРИКОМ), Парсы шығанағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесімен (ПШАМЫК), Африканың субөңірлік бірлестіктерімен және басқа да өңірлік интеграциялық бірлестіктермен;

сауда саясатының кейбір аспектілері бойынша Комиссия мен Еуропалық комиссия, санитариялық және ветеринариялық шаралар саласындағы ЕО-ның мамандандырылған органдары арасында диалог орнату, сауда саясатының, СОЛВИТ (Solvit), "Сіздің Еуропаңыз" (Your Europe), "Бірыңғай нарық таблос" (Single Market Scoreboard) сияқты және т. б. құралдарды қолдана отырып, "төрт бостандықты" іске асыруды қамтамасыз ету үшін кедергілерді жою тәжірибесін зерделеудің, сондай-ақ Одақтың экономикалық мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, мүше мемлекеттер, Комиссия, Еуропалық комиссия мен ЕО-ға мүше мемлекеттер өкілдерінің қатысуымен

халықаралық конференциялар және өзге де іс-шаралар өткізу арқылы одақ қызметінің басқа да бағыттары бойынша ЕО -мен;

*үшінші елдермен:*

Одаққа мүше болып табылмайтын, өздерімен қарым-қатынастарды ресімдеу жолымен ынтымақтастығы өзара экономикалық мүддені білдіретін ТМД-ға қатысушы мүдделі мемлекеттермен;

еркін сауда туралы келісімдер жасасу туралы мүше мемлекеттермен бірлескен келіссөздер шеңберінде, Египет Араб Республикасымен, Израиль мемлекетімен, Үндістан Республикасымен, Индонезия Республикасымен және Иран Ислам Республикасымен , сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерімен және Моңғолиямен ( Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес тиісті келіссөздерді бастау туралы шешімдер қабылдаған жағдайда), бұл ретте Одақтың сыртқы сауда саясатын іске асыру Одақтың негізгі әріптестерімен орта мерзімді перспективада сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту тәсілдеріне сәйкес қамтамасыз етілетін болады. Бұл бағытты күшейту әсіресе Одақтың әріптес елдерінің пандемияның экономикалық әсерінен де, жекелеген мүше мемлекеттерге қатысты санкциялық саясатты жандандырудан да туындайтын шектеу сауда және өзге де шараларды қолдануын ұлғайту контекстінде өзекті болып табылады;

Алжир Халықтық Демократиялық Республикасымен, Бахрейн Корольдігімен, Бруней-Даруссалам Мемлекетімен, Венесуэла Боливар Республикасымен, Ирак Республикасымен, Катар Мемлекетімен, Кувейт Мемлекетімен, Лаос Халықтық Демократиялық Республикасымен, Малайзиямен, Мьянма Одағы Республикасымен, Судан Республикасымен, Оман Сұлтандығымен, Филиппин Республикасымен, Никарагуа Республикасымен, Сауд Арабиясы Корольдігімен, Сирия Араб Республикасымен, Оңтүстік Африка Республикасымен және Одақпен диалог орнату туралы бастамалары мен ұсыныстарын ескере отырып, ынтымақтастығы өзара экономикалық қызығушылық тудыратын басқа елдермен;

Одақтың экономикалық мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, үкіметтерімен меморандумдарға қол қойылған және келісімдер жасалған ЕО-ға мүше мемлекеттермен және Комиссиямен өзара іс – қимылды дамытуға мүдделілік танытатын ЕО-ға мүше мемлекеттермен.

2023 жылы БЭП қалыптастыру бастамасы аясында сыртқы әріптестермен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту шеңберінде Комиссия мынадай бағыттарға назар аударатын болады:

мүше мемлекеттердің аумақтарында "Шығыс-Батыс" және "Солтүстік – Оңтүстік" бағыттарында, оның ішінде Одақтың даму жоспарлары мен "Бір белдеу, бір жол" Қытай бастамасын ұштастыру шеңберінде көлік инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесу;

Одақ серіктестерімен еркін сауда туралы келісімдер жасасу туралы келіссөздер процесін жандандыру;

мүше мемлекеттерде өндірілген тауарлардың экспортын ұлғайту үшін қызығушылық тудыратын жаңа перспективалы сауда серіктестерін іздеу;

мүше мемлекеттердің іскерлік қоғамдастықтарының бизнес-қауымдастықтар желісі бойынша шетелдік әріптестермен байланыс желісін қалыптастыру жөніндегі бастамаларын қарау;

Одақтың негізгі интеграциялық және мемлекетаралық бірлестіктермен, сондай-ақ Азиядағы, Таяу және Таяу Шығыстағы жетекші әлемдік экономикалармен сауда-экономикалық өзара іс-қимылын дамыту;

сауда-экономикалық өзара іс-қимылды дамытудың өзекті мәселелерін талқылау үшін перспективада алаңды (Одақтың халықаралық әріптестерінің қатысуымен) қалыптастыру мақсатында Одақтың, ТМД, АСЕАН, ШЫҰ атқарушы органдары басшылығы мен сарапшыларының және Азиядағы, Таяу және Орта Шығыстағы мемлекетаралық өзара іс-қимылдың басқа да мүдделі құрылымдары мен форматтары өкілдерінің диалогына жәрдемдесу;

БЭП қалыптастыру контекстінде Еуразиялық экономикалық интеграцияны ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі жұмысты өз құзыреті шеңберінде жандандыру;

БЕП идеясы контекстінде әлемдік экономиканы трансформациялаудың өзекті мәселелері бойынша негізгі халықаралық экономикалық форумдардың жария тақырыптық сессияларына қатысу.

Комиссия мүше мемлекеттермен бірлесіп, экономикалық өзара іс-қимыл бөлігінде еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық процестерді ұштастыру және Одақты БЭП интеграциялық контурын қалыптастыру орталықтарының бірі ретінде орналастыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Бұл ретте Одақтың өңірлік интеграциялық бірлестіктермен және елдермен экономикалық ынтымақтастығы негізгі бірлестіктер мен халықаралық ұйымдар арасындағы, оның ішінде БҰҰ құрылымдарының алаңдарындағы байланыстарды нығайтудың маңыздылығын назарға ала отырып, олардың интеграциялық бастамалары мен әріптестіктерін ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Одақтың даму жоспарлары мен "Бір белдеу, бір жол" Қытай бастамасын ұштастыру шеңберінде интеграциялық басымдығы бар және Одақтың 2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру жөніндегі Бірлескен комиссияның Еуразиялық бөлігімен келісілген салалық ынтымақтастықтың басым жобаларын нығайту міндеттеріне сай келетін тізбенің іске асырылу барысына мониторингі жалғастырылатын болады.

Жекелеген мүше мемлекеттерге қатысты қолданылатын санкциялық шаралар жағдайында Еуропа елдерінің кәсіпкерлерімен және іскер топтарының бірлестіктерімен



коммуникация арналарын ашық ұстау қажет. бизнеске қосымша жүктеме енгізуге жол бермеу, экономикалық реттеудің тұрақтылығын қамтамасыз ету Комиссия назарын аударуы керек басымдықтар болып табылады.

Комиссия мүше мемлекеттермен бірлесіп, негізгі әріптес елдер мен тауарлар топтарын айқындау жөніндегі жұмысты аяқтауды және Одақ шеңберінде халықаралық шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда саудадағы техникалық кедергілерді жою туралы халықаралық шарттардың жобаларын талқылау жөніндегі келіссөздер процесін бастауды жоспарлап отыр.

Комиссия мүше мемлекеттермен бірлесіп, дәрілік препараттың өндірістік алаңының (өндірістік алаңдардың) Одақтың тиісті өндірістік практикасының (GMP сертификаты) талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды өзара тану мәселесі бойынша үшінші елдермен келіссөздер жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындайды.

Комиссия Іскерлік кеңеспен тығыз жұмысты және мүше мемлекеттердің бизнес-қауымдастықтарымен, оның ішінде бизнес-қоғамдастықтың мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша Одақтың халықаралық қызметін іске асыру кезінде іскер топтардың ұсыныстарын мүше мемлекеттермен пысықтау жолымен перспективалы өткізу нарықтарын айқындау бөлігінде диалогты жалғастырады.

Одақтың халықаралық аренадағы міндеттерін тиімді шешуге тиісті бизнес-делегациялардың қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Іскерлік кеңес пен мүше мемлекеттердің бизнес-қоғамдастықтарының өкілдерін халықаралық іс-шаралар туралы ақпараттандырудың оң қалыптасқан практикасы ықпал ететін болады.

Одақпен экономикалық диалогты дамытуға мүдделі үшінші елдермен Одақтың ынтымақтастығын жандандыру бөлігінде мүше мемлекеттердің бизнес-қауымдастықтарынан келіп түсетін ұсыныстарға одан әрі жедел ден қою маңызды болып көрінеді.

Комиссия халықаралық іскерлік және сараптамалық қауымдастықтармен, оның ішінде сауда-өнеркәсіп палаталарымен, іскерлік ынтымақтастық кеңестерімен, өңірлік даму банктерімен, негізгі халықаралық пікірталас алаңдарымен және т. б. өзара іс-қимылды дәйекті түрде дамытатын болады.

Даму институттарымен, оның ішінде Еуразиялық даму банкімен (ЕАДБ) және Еуразиялық тұрақтандыру және даму Қорымен (ЕТДҚ) ынтымақтастық шеңберіндегі негізгі күш-жігер аталған институттардың мандаттары шеңберінде бағдарламалар мен жобаларды ілгерілетуге бағытталатын болады.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес пен Еуразиялық үкіметаралық кеңесінің отырыстарына үшінші елдер көшбасшыларын шақыру практикасын жалғастыру маңызды болып көрінеді.

Комиссия мүше мемлекеттердің қолдауымен Астана экономикалық форумы, Шығыс экономикалық форумы, Еуразиялық экономикалық форумы, Санкт-Петербург Халықаралық экономикалық форумы алаңдарында, сондай-ақ мүше мемлекеттердің

аумақтарында өткізілетін басқа да халықаралық деңгейдегі іс-шаралар шеңберінде Одақтың халықаралық күн тәртібін ілгерілету бойынша күш-жігерін жалғастырады.

Одақтың халықаралық қызметін іске асыру кезінде Комиссия Алқасы жанындағы Халықаралық қызмет жөніндегі консультативтік комитеттің барлық мүшелері қолдаған ұсыныстары мен ұсынымдары ескерілуі мүмкін.

Алқа мүшелері мен Комиссияның лауазымды адамдары халықаралық ұйымдар желісі бойынша үшінші елдерге іссапарларды жүзеге асыру кезінде немесе шетелдік іс-шараларға (симпозиумдарға, форумдарға, конференцияларға және т. б.) қатысу үшін қабылдаушы мемлекеттің бейінді ведомстволарының, сараптамалық және іскер топтарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен байланыс орнатып, тереңдететін, сондай-ақ мүше мемлекеттер дипломатиялық ұйымдары өкілдіктерінің қызметкерлері үшін өздері жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша бірлескен брифингтер ұйымдастыратын болады.

Комиссия өкілдерінің шетелдік іссапарларының нәтижелері туралы мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрліктеріне жіберілетін есептердің ақпараттылығын арттыруға арналған курс жалғастырылатын болады.

Одақтың халықаралық күн тәртібінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 99 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру тәртібіне сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылатын болады.